



Жұмыстарды сатып алу жөнінде шарт № _____

_____ қ.

«__» _____ 2025 ж.

"Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы" (Kazakhstan Electricity Grid Operating Company)"KEGOC" акционерлік қоғамы, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын, _____ негізінде әрекет ететін _____, атынан, бір жағынан, және _____ тұлғасында, бірінші тараптан және бұдан әрі «Мердігер» деп аталатын, _____ атынан, негізінде қызмет ететін _____, екінші тараптан бірлесіп «Тараптар», ал жоғарыда көрсетілгендей жеке-жеке «Тарап» деп аталатындар «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тікелей немесе жанама тиесілі заңды тұлғалардың сатып алуды жүзеге асыру тәртібіне (бұдан әрі – Тәртіп) сәйкес және _____ негізінде осы жұмыстарды сатып алу туралы шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты және төмендегілер туралы келісімге келді. Мердігер осы Шартқа қол қоя отырып: • заңнамаға сәйкес құрылған және әрекет ететін кәсіпкерлік субъектісі болып табылатынын; • осы Шартқа қол қою үшін қандай да бір шектеулер, тыйым салулар жоқтығын; • осы Шартқа қол қою алдында өзінің барлық кәсіпкерлік тәуекелдерін бағалағанын және сәйкестендіргенін растайды.

1. Терминдерді түсіндіру

1.1. Осы Шартта төмендегі ұғымдар мынадай түсіндірмеге ие болады:

1.1.1. «Қор» - «Самұрық-Қазына» АҚ;

1.1.2. «шарт сомасы» - Мердігер өзінің тендерлік өтінімінде көрсеткен және Шартта айтылған белгілі бір талаптар сақталған кезде Тапсырыс беруші ақы төлеуге қабылдаған сома;

1.1.3. «Шарт» - Қазақстан Республикасының Заңына және басқа да нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес Тапсырыс беруші мен Мердігер арасында жасалған азаматтық-құқықтық шарт;

1.1.4. «Электрондық портал» – құжаттамаға ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу үшін Тапсырыс берушінің техникалық-экономикалық негіздемелерін және жобалау-сметалық құжаттамасын ұсынуға арналған бірыңғай электрондық портал;

1.1.5. «Жеке кабинет» – техникалық-экономикалық негіздемелер мен жобалау-сметалық құжаттаманы қабылдаудың электрондық порталының негізгі модулі «www.epsd.kz», тапсырыс берушінің өтінімдер мен құжаттаманы автоматтандырылған түрде беруіне, сондай-ақ Тараптардың Шарт бойынша міндеттемелерін орындауына арналған;

1.1.6. «Жұмыс» - «WAMS синхрондалған векторлық өлшеулер негізінде мониторинг жүйесін енгізу (2-кезең)» нысанды пайдалануға беруге арналған сметалық құжаттамаға ведомстводан тыс кешенді сараптама;

1.1.7. «Жұмыс жобасы» - меншік құқығы бекітілгеннен кейін Тапсырыс берушіге ауысатын объектіні салуға арналған жобалау-сметалық құжаттама;

1.1.8. «Жобалардың сараптамасы» – жобалау шешімдерінің Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жобалау үшін бастапқы құжаттардың (материалдардың, деректердің) шарттарына сәйкестігін (сәйкестігін) белгілеу, сондай-ақ жобалау шешімдері мен есептеулерінде қала құрылысы және техникалық регламенттерінің, мемлекеттік және мемлекетаралық нормативтік құжаттардың нормалары мен ережелерінің талаптарын сақтау арқылы жобалардың сапасына талдау және бағалау жүргізуден тұратын сараптамалық қызмет. Сараптама: ғимараттар мен құрылыстарды, олардың кешендерін, инженерлік және көлік коммуникацияларын салуға арналған техникалық - экономикалық негіздемелер және жобалау-сметалық құжаттама бойынша «бір терезе» қағидаты бойынша жүргізілетін объектілер құрылысы жобаларының (салалық және ведомстволық сараптамаларды қамтитын) ведомстводан тыс кешенді сараптамасы болып бөлінеді;

1.1.9. «Сараптама ұйымы» - мемлекеттік сараптама ұйымы (мемсараптама) – Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған және объектілер құрылысы жобалары (техникалық-экономикалық негіздемелер және жобалау-сметалық құжаттама) бойынша мемлекеттік монополияға жатқызылған ведомстводан тыс кешенді сараптаманы жүзеге асыратын заңды тұлға немесе аккредиттелген сараптама ұйымы – сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті орган белгілеген тәртіппен аккредиттелген, Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасымен мемлекеттік монополияға жатқызылмаған объектілер құрылысы жобаларына (техникалық-экономикалық негіздемелер мен жобалау-сметалық құжаттама) ведомстводан тыс кешенді сараптаманы жүзеге асыратын заңды тұлға;

1.1.10. «Жұмыстарды орындау мерзімі (ұзақтығы)» - Мердігер Шарт бойынша жұмыстарды аяқтауы тиіс мерзім;

1.1.11. «Күндер» - күнтізбелік күндер, «айлар» - күнтізбелік айлар;

1.1.12. «Ақау» - Шарт талаптарын бұза отырып орындалған жұмыстардың бір бөлігі;

1.1.13. «Кемшіліктер мен қателерді жою кезеңі» - орындалған жұмыстарды тексеру процесінде анықталған кемшіліктер мен





ақауларды жою кезеңі;

1.1.14. «инсайдерлік ақпарат» – «KEGOC» АҚ-тың бағалы қағаздары, олармен жасалатын мәмілелер туралы, сондай-ақ бағалы қағаздарды шығарған (берген) «KEGOC» АҚ туралы, ол жүзеге асыратын қызмет туралы коммерциялық құпияны құрайтын анық ақпарат, сондай-ақ үшінші тұлғаларға белгісіз, ашылуы «KEGOC» АҚ-ның бағалы қағаздары құнының өзгеруіне және «KEGOC» АҚ қызметіне әсер етуі мүмкін өзге де ақпарат.

1.2. Төменде келтірілген құжаттар мен оларда айтылған шарттар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып саналады, атап айтқанда:

1.2.1. Шарт;

1.2.2. Сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің тізбесі (Шартқа № 1 қосымша);

1.2.3. техникалық сипаттізім (Шартқа №2 қосымша)

1.2.4. қызмет көрсетуге/жұмыстарды орындауға арналған шарттағы елішілік құндылықты үлесінің болжамды / нақты есебі (Шартқа №3 қосымша);

1.2.5. «KEGOC» АҚ өнім берушілерінің мінез-құлық кодексі (шартқа №4 қосымша)

2. Шарттың мәні

2.1. Мердігер осы Шарттың талаптарына сәйкес жұмыстарды (бұдан әрі – Жұмыстар) орындауға, ал Тапсырыс беруші Мердігер Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда осы Шарттың талаптарында Жұмыстарды қабылдауға және орындалған Жұмыстарға төлем жүргізуге міндеттенеді.

2.2. Тапсырыс беруші мен Мердігердің Шарт бойынша өзара іс қимыл рәсімдері мен операциялары Жеке кабинет арқылы жүзеге асырылады.

2.3. Тапсырыс беруші тапсырады, ал Мердігер «WAMS синхрондалған векторлық өлшеулер негізінде мониторинг жүйесін енгізу (2-кезең)» нысанды пайдалануға беруге арналған сметалық құжаттамаға ведомстводан тыс кешенді сараптама жұмыс жобасы бойынша кешенді ведомстводан тыс сараптама жүргізу бойынша міндеттеме қабылдайды.

2.4. Мердігер қосалқы мердігерлермен көлемдері жиынтығында жұмыстардың жалпы көлемінің (құрылыс құнының) 1/4 (төрттен бірінен) аспауы тиіс шарттар (келісімдер) жасасуға құқылы. Мердігердің Іарт бойынша өз міндеттемелерін Тапсырыс берушінің жазбаша рұқсатынсыз үшінші тұлғаларға беруге құқығы жоқ. Қосалқы мердігерлердің болуы Тапсырыс беруші мен Мердігер арасындағы шарттың талаптарын өзгертпейді.

3. Шарттың құны және төлеу шарттары

3.1. Шарттың жалпы сомасы _____ (_____) тең және оған Шарттың талаптарын тиісті түрде орындаумен байланысты барлық шығындар кіреді және Шартта және Тәртібінде аталған жағдайлардан басқа, Тараптардың осы Шарт бойынша міндеттерін толық орындамағанша өзгертуге жатпайды.

3.2. Шарт бойынша төлем түрлерінің жалпы арақатынасы Шарттың № 1-қосымшасында берілген.

3.3. Шарт бойынша төлеу келесі тәртіпте орындалады:

3.4. Орындалған Жұмыстар үшін төлем, соның ішінде Шарт бойынша соңғы есеп айырысу, Тараптардың орындалған Жұмыстардың актісіне қол қойған күннен және келесі құжатты (тарды) бергеннен кейін 30 (отыз) күнтізбелік күннен кеш емес мерзім ішінде орындалады:


3.4.1. Шарт шеңберінде электрондық құжат нысанында орындалған Жұмыстардың барлық көлеміне елішілік құндылықты есептеу (Орындалған жұмыстардың түпкілікті актісімен бірге электрондық сатып алуды жүргізуді қамтамасыз ететін «Самұрық-Қазына» АҚ-ның ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – Веб-портал) ұсынылады;

3.4.2. Шот-фактура/электрондық шот-фактура.

3.5. Заңнамаға сәйкес ресімделген және қол қойылған Орындалған жұмыстардың актісін (лерін) Мердігер Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жібереді. Веб-порталда электрондық түрде Жұмыстарды қабылдау-беру актісін (-лерін) қалыптастыруға және оларға қол қоюға жол беріледі.

3.6. Тапсырыс беруші Мердігердің төлемге құжаттар пакетін кеш берумен/қол қоюмен байланысты төлемді өткізіп алу үшін жауапты емес.

3.7. Мердігердің төлем алдындағы құжаттарды уақтылы ұсынбауы Тапсырыс берушіні уақтылы төлемегені үшін жауапкершіліктен





босатады.

3.8. Электрондық шот-фактура Тапсырыс берушінің мекенжайына салық заңнамасында белгіленген мерзімдерде жазып беріледі.

3.9. Мердігер орындаған жұмыстарды және жұмыстарға байланысты барлық материалдарды жаңбырға, су тасқынына, аязға, өртке, ұрлауға және өзге де себептерге байланысты зиянның, зақымданудың, жойылудың барлық түрлерінен қорғауды қамтамасыз етуге байланысты мердігер шеккен барлық шығындар Тапсырыс беруші тарапынан қосымша өтелмейді.

3.10. Қосылған құн салығының мөлшерлемесі өзгерген, сондай-ақ Қазақстан Республикасының салық заңнамасы саласындағы өзгерістер болған жағдайда Шартқа тиісті түзетулер енгізіледі.

3.11. Шартта және Тәртіпте көзделген жағдайларды қоспағанда, шарт сомасын ұлғайту жағына өзгертуге жол берілмейді.

3.12. Орындалған жұмыстардың акті(лерін)сін Мердігер Тапсырыс берушіге жүйе арқылы жібереді. Жүйеде Орындалған жұмыстардың акті(лерін)сін электрондық түрде қалыптастыруға және оларға қол қоюға жол беріледі.

3.13. Салық және төлемдер

3.13.1. Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес мынадай түрде төленуі тиіс:

3.13.1.1. Мердігер Шарт бойынша міндеттемелерді орындауға байланысты есептелген барлық және кез келген салықтарды төлеуге толық жауапты болады және Тапсырыс берушіні Қазақстан Республикасының кез келген мемлекеттік органы есептеп, мердігерге салуы мүмкін барлық талап етілетін салықтарды немесе алымдарды (өсімпұлдар мен айыппұлдарды қоса алғанда) төлеу үшін кез келген және барлық талаптардан және жауапкершіліктен босатады және қорғайды, оның ішінде салық қызметі мердігерге жасалған немесе шарт бойынша алған кез келген төлемге байланысты.

3.13.1.2. Егер мұндай талап Қазақстан Республикасының заңында, ережелерінде немесе нұсқаулықтарында қамтылатын болса, Тапсырыс беруші Мердігерге салық төлеу бойынша кез келген соманы төлеуі тиісті сомадан ұстап қалады. Мердігерге кез келген ведомствода Тапсырыс берушіге көрсетілген қаражатты ұстап қалу туралы талаптың заңдылығына дау айтуға мүмкіндік беру үшін Тапсырыс беруші Мердігерге кез келген осындай талап туралы алдын ала хабарлайды. Тапсырыс беруші Қазақстан Республикасының тиісті мемлекеттік органына ұсталған сома мөлшерінде жүргізген төлем, егер төлем бастапқыда Мердігерге жүзеге асырылған болса, Мердігердің атынан жүргізілген төлем болып есептеледі және Тапсырыс беруші Мердігер алдында осылай ұсталған сома бойынша одан әрі жауапты болмайды. Тапсырыс беруші сонымен қатар Мердігерге барлық осындай төлемдердің құжатталған куәліктерін ұсынады.

3.13.1.3. Мердігер салық есептілігін Мердігердің дұрыс толтырмауына байланысты қарсы тексерулердің және/немесе сұрау салулардың нәтижелері бойынша расталмаған есептеулерге дейін Тапсырыс берушіге ҚҚС сомасын қайтаруға міндетті.



3.13.1.4. Егер мемлекеттік органдар камералдық бақылау рәсімі, тәуекелдерді басқару жүйесін қолдану және (немесе) тексерулер, сонымен қатар басқа да іс-шаралар шеңберінде Шартта көзделген операциялар бойынша өзара есеп айырысуларды көрсетпеу (төлеу) не растамау фактілерін анықтаған жағдайда, соның салдарынан Тапсырыс берушіге ҚҚС асып кеткен соманы республика бюджетінен қайтарудан бас тартылатын болады немесе есептелгенге дейін салықтар жүктелсе, Мердігер Тапсырыс берушіден тиісті хабарлама алғаннан кейін 10 (он) күнтізбелік күн ішінде Қазақстан Республикасының бюджетінен қайтарудан бас тартылған ҚҚС-тың барлық сомасын Тапсырыс берушіге өтеуге міндеттенеді, сонымен қатар қаржылық санкцияларды қоса алғанда, барлық өзге де есептелген салықтар өтеледі. Осы тармақта көзделген талап Мердігердің өзімен тікелей өзара қарым-қатынастармен шектелмейді, сонымен қатар қандай да бір негіздер бойынша Тапсырыс берушімен өзара есеп айырысуды растамау, ҚҚС қайтармау жағдайларына әкелген және мемлекеттік органдар Тапсырыс берушіге қойған салықтар мен қаржылық санкцияларды есептегенге дейін Мердігердің басқа өнім берушілерімен өзара қарым-қатынастарға да қолданылады. Бұрын белгіленген көрсетпеу (төлеу) фактілері бойынша ҚР бюджетінен қайтарудан бас тартылған ҚҚС асып кетуінің Мердігер өтеген сомасы немесе Шартта көзделген операциялар бойынша өзара есеп айырысуларды растамау, Тапсырыс беруші ҚҚС қайтаруға жаңадан берілген талап және бұрын расталмаған сомаларды қайтаруға растау негізінде Тапсырыс берушіге ҚҚС асып кеткен жағдайда Мердігерге қайтаруға жатады, Мердігердің немесе Өнім берушілердің бұрын анықталған бұзушылықтардың 1-ші, 2-ші, 3-ші және т.б. деңгейлерін жоюы нәтижесінде Тапсырыс беруші ҚҚС асып кетуінің нақты қайтарымын алғаннан кейін 10 (он) күнтізбелік күн ішінде Мердігер бұрын өтеген ҚҚС сомасын қайтаруға міндеттенеді.

4. Жұмыстарды орындау мерзімі және шарттары

4.1. Жұмыстарды орындау мерзімдері, көлемі және орны осы Шарттың № 1, № 2-қосымшаларында белгіленеді.

4.2. Тапсырыс беруші Жұмыстарды Шарттың № 1, № 2-қосымшаларына сәйкес орындалған Жұмыстардың актісіне сәйкес көлем және сапа бойынша қабылдайды. Жұмыстарды орындау күні Тапсырыс берушінің соңғы орындалған Жұмыстар актісіне қол қойған күн болып табылады.

4.3. Жұмыстардың ұзақтығы Шартқа қол қойылған күннен бастап 45 (қырық бес) күнтізбелік күнін құрайды. Шарт бойынша жұмыстардың ұзақтығын анықтау кезінде, Шартқа қол қойылған күннен бастап Электрондық порталда сараптамалық жұмыс басталғанға





дейінгі уақыт есепке алынбайды.

4.4. Жұмыстардың басталу күні жұмыстарды орындау кезінде төменде көрсетілген жағдайларға байланысты жұмыстарды уақытша тоқтату қажеттілігі анықталған кезде түзетілуі мүмкін:

4.4.1. Тапсырыс берушінің нұсқауымен:

4.4.2. Тапсырыс берушінің жоғарыда аталған нұсқаулар мердігердің кінәсінен болмаған жағдайларда өртке қарсы қызмет, санитариялық - эпидемиологиялық қызмет, төтенше жағдайлар, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі, қоршаған ортаны қорғау және т. б. органдарының нұсқамаларына байланысты өзге де нұсқаулары;

4.4.3. Тапсырыс берушінің жұмыстарды орындау үшін қосымша мерзімдерді талап ететін, бірақ мердігерді таңдауға негіз болған шарттарды өзгертпейтін техникалық шешімдерге өзгерістер енгізуді ұсынуы;

4.4.4. Тараптар келіскен өзге де жағдайларда;

4.4.5. шарт бойынша Тараптардың еркіне тәуелсіз өзге де себептермен.

4.4.6. Тапсырыс берушімен Epsd.kz порталында "WAMS синхрондалған векторлық өлшеулер негізінде мониторинг жүйесін енгізу (2-кезең)" нысанды пайдалануға беруге арналған сметалық құжаттама енгізу және толықтығына құжаттаманы тексеруге өту кезеңі жұмыс жасау мерзімінде есептелмейді.

4.5. Жұмыстарды орындау мүмкін еместігі мән-жайларының туындағанын растайтын құжаттар:

4.5.1. Тараптардың хат жазысуы;

4.5.2. Тараптардың үшінші тұлғалармен хат жазысуы;

4.5.3. мемлекеттік органдардың (қызметтердің) нұсқамаларының түпнұсқалары және т.б.

4.6. Жұмыстарды уақытша тоқтату жұмыстарды орындау мүмкін болмауы туындаған кезден бастап Тараптармен іске асырылады.

4.7. Жұмыстарды уақытша тоқтату туралы Акт 2 (екі) данада жұмыстарды орындаудың мүмкін причинистігі себептері туындаған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде негіздемелік құжаттар негізінде ресімделеді, Тапсырыс беруші мен Мердігердің өкілетті өкілдері қол қояды.

4.8. Жұмыстарды орындауға кедергі келтірген жағдайлар тоқтатылған кезде Тараптар жұмыстарды қайта бастауға акт жасайды, Тапсырыс беруші мен Мердігердің өкілетті өкілдері қол қояды. Жұмыстарды қайта бастауға арналған актілер жұмыстарды орындауға кедергі келтірген жағдайлар тоқтатылған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде 2 (екі) данада ресімделеді.

4.9. Жұмыстарды уақытша тоқтатуға арналған актілерді, сондай-ақ шарт бойынша жұмыстарды қайта бастауға арналған актілерді Тапсырыс беруші бекітуі тиіс.

4.10. Жұмыстарды тоқтата тұру және жұмыстарды кейіннен қайта бастау фактілері (оның ішінде жұмыстардың аяқталу күнін өзгерту) жұмыстарды тоқтата тұру және қайта бастау фактілері болған айдан кейінгі айдан кешіктірілмей Шартқа тиісті қосымша келісіммен ресімделуі тиіс.

5. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

5.1. Мердігер міндеттенеді:

5.1.1. Шарттың талаптарына сәйкес Жұмыстарды орындау;

5.1.2. Тапсырыс берушіге Орындалған жұмыстар актісімен бірге электрондық құжат нысанындағы Шарт аясында орындалған Жұмыстардың барлық көлеміне елшілік құндылық есебін ұсынуға (Веб-порталда ұсынылады);


5.1.3. Тапсырыс беруші анықтаған Жұмыстардың кемшіліктерді Шарттың талаптарын сәйкес жоюға;

5.1.4. Тендерлік өтінім құрамында мәлімделген білікті мамандармен Жұмыстарды орындауға;

5.1.5. Шарттың 5.1-тармағының 5.1.4-тармақшасы жарамсыз деп есептелсін.

5.1.6. Жұмыстарды орындау кезінде Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнамасының талаптарын, сондай-ақ көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарын ұстануға;

5.1.7. Жұмыстарды орындау кезінде Мердігердің өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы және ішкі нормативтік құжаттар саласындағы және аталған бағыттар бойынша





Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтамауы нәтижесінде туындайтын ықтимал оқиғалар, авариялар, жазатайым оқиғалар, қоршаған ортаның ластануы, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы Тапсырыс беруші мен мемлекеттік органдар алдында толық жауапкершілікті көтеруге;

5.1.8. Тапсырыс берушінің объектісінде және (немесе) аумағында Жұмыстарды орындау кезінде аварияларға, жазатайым оқиғаларға, қоршаған ортаның ластануына әкеп соғуы және (немесе) әкеп соқтыруы мүмкін барлық мән-жайлар туралы Тапсырыс берушіге дереу ескертуге;

5.1.9. Тапсырыс беруші және (немесе) уәкілетті органдар белгілеген мерзімдерде Тапсырыс беруші немесе өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы және Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттары саласындағы уәкілетті органдар анықтаған кемшіліктерді өз есебінен жоюға;

5.1.10. Тапсырыс берушінің және (немесе) уәкілетті органдардың өкілдеріне өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігінің, еңбекті және қоршаған ортаны қорғаудың және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласының жай-күйін тексеру үшін Тапсырыс берушінің объектілерінде және (немесе) аумағында орналасқан Жұмыстарды орындау орындарына қолжеткізуді қамтамасыз етуге;

5.1.11. Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі (мұндай талап Жұмыстарға қолданылатын кезде ғана белгіленеді) бойынша оқытудан өткен мамандарды Жұмыстарды орындауға жіберуге;

5.1.12. Мердігер және (немесе) бірлесіп орындаушы жұмыскерлерінің жалпы саны 50 (елу) адамнан асқан кезде өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы өзінің қызметінің және (немесе) мамандарының болуына (мұндай талап Жұмыстарға қатысты болған кезде ғана белгіленеді);

5.1.13. Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган айқындаған тәртіппен өз қызметкерлерін мерзімді медициналық қарап-тексеруді, сондай-ақ ауысым алдындағы және өзге де медициналық куәландыруды (мұндай талап Жұмыстарға қолданылатын кезде ғана белгіленеді) жүргізуге;

5.1.14. Өз жұмыскерлерін Жұмыстарды қауіпсіз орындау үшін қажетті арнайы киіммен және басқа да жеке және ұжымдық қорғау құралдарымен (мұндай талап Жұмыстарға қатысты болған кезде ғана белгіленеді) қамтамасыз етуге;

5.1.15. Тәртіпке сәйкес жоба алдындағы және (немесе) жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамада индустриалды-инновациялық қызметке мемлекеттік қолдау көрсету саласында уәкілетті мемлекеттік орган қалыптастыратын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің (болған кезде) деректер базасына енгізілген құрылыс материалдарын, бұйымдарды және конструкцияларды көрсетуге міндеттенеді.

5.1.16. Тапсырыс берушіге ықтимал қолайсыз салдарлар, сондай-ақ жұмыстардың тиісінше орындалуына қауіп төндіретін не оларды шартта белгіленген мерзімде орындау мүмкін болмайтын өзге де мән-жайлар туралы ескертуге міндеттенеді. Мердігер тарапынан жұмыстарды уақтылы және тиісінше орындауға кедергі келтіретін барлық күтпеген мән-жайлар қосымша келісімде тараптардың уәкілетті тұлғалары қол қойған, жұмыстарды орындау мерзімдерін ауыстыру мүмкін болатын актілер негізінде, бұл ретте шарт бойынша жалпы қабылданған уақыт сегменттерін ұлғайтпастан жеке ескертілуі тиіс;

5.1.17. Шартқа қол қойылған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіге барлық қосалқы мердігерлер және үлестестік бойынша ақпаратты жазбаша жолдауға; міндеттенеді.

5.1.18. Тапсырыс берушінің келісімінсіз Қосалқы мердігерлерді жұмылдырмауға;

5.1.19. өзінің қызметтік жағдайына және еңбек міндеттеріне байланысты Тапсырыс берушінің инсайдерлік ақпаратына қол жеткізе алатын өз қызметкерлерінің тізімін жүргізуге;

5.1.20. өз қызметкерлерін «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Заңның және Тапсырыс берушінің инсайдерлік ақпаратты пайдалануға тыйым салу бөлігінде инсайдерлік ақпаратты басқару қағидаларының талаптары туралы хабардар етуге;

5.1.21. 23 өзінің қызметтік жағдайына және еңбек міндеттеріне байланысты тапсырыс берушінің инсайдерлік ақпаратына қол жеткізе алатын өз қызметкерлері туралы Тапсырыс берушіні хабардар етуге міндетті: - бірінші рет - Шарт жасалған сәттен бастап 20 (жиырма) күнтізбелік күн ішінде; - келесі рет – өзгерістер туындаған сәттен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде.

5.1.22. «KEGOC» АҚ өнім берушілерінің мінез-құлық кодексінің талаптарын сақтау (шартқа №4 қосымша)

5.2. Мердігердің:

5.2.1. Тапсырыс берушіден Шартта көзделген төлемді (дерді) талап етуге.

5.2.2. Тапсырыс берушіден Жұмыстарды уақтылы қабылдауды және орындалған жұмыстардың актісіне (леріне) қол қояды талап етуге;

5.2.3. Тапсырыс берушіден қойылған өсімпұлдың, айыппұлдың және заладың сомасына төлем жүргізуді талап етуге;





5.2.4. Тапсырыс берушімен келісім бойынша тендерлік өтінім құрамында мәлімделген мамандарды тең дәрежелі маманмен ауыстыруға;

5.2.5. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша шартты бұзуға;

5.2.6. Тендерлік өтінім құрамындағы тендер кезеңінде Мердігер көрсеткен қосалқы мердігерлерге (бірлесіп орындаушыларға) жиынтығында $\frac{1}{4}$ -ден аспайтын Жұмыстар (тендер тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру кезінде) көлемін (құнын) қосалқы орындаушыларға (бірлесіп орындаушыларға) ұсынуға;

5.2.7. Шарттың 5.2-тармағының 5.2.6-тармақшасы жарамсыз деп есептелсін.

5.2.8. Жұмыстар басталғанға дейін Тапсырыс берушіден өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарымен, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін қауіпті өндірістік объектілер, жабдықтар және (немесе) Тапсырыс берушінің аумақтары туралы ақпаратпен танысуды талап етуге;

5.3. Тапсырыс беруші:

5.3.1. Орындалған Жұмыстарды Шарт талаптарына сәйкес қабылдауға.

5.3.2. Шағымдар болмаған жағдайда Орындалған жұмыстар актісіне Мердігерден Жұмыстарды орындау актісін алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қол қоюға;

5.3.3. Шарттың талаптарына сәйкес төлемді (дерді) жүзеге асыруға.

5.3.4. Мердігерден жазбаша сұрау салуды алған күннен бастап 2 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде Мердігердің өкілдерін өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарымен қол қою арқылы таныстыруға, сондай-ақ өмірге және (немесе) өмірге адамдардың денсаулығына қауіп төндіретін қауіпті өндірістік объектілер, жабдықтар және (немесе) Тапсырыс берушінің аумақтары туралы хабардар етуге;

5.4. Тапсырыс беруші құқылы:

5.4.1. Мердігерден ұсынылған өсімпұл, айыппұл және шығын сомасын төлеуді талап етуге.

5.4.2. Шарт құнының тиісті төмендеуімен Шарттың талаптарына сәйкес келмейтін Жұмыстарды немесе Жұмыстардың белгілі бір бөлігін қабылдаудан бас тартуға.

5.4.3. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша Шартты бұзуға және (немесе) Шартты орындаудан бас тартуға.

5.4.4. Мердігердің қызметіне кез келген уақытта араласпай, Мердігер орындайтын Жұмыстардың барысын, сапасын және толықтығын, оның ішінде өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы талаптардың сақталуын бақылауды жүзеге асыруға, тексеруге.

5.4.5. Мердігерден есептелген айыппұлдардың сомасы ол Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамасының және (немесе) Тапсырыс берушінің көрсетілген бағыттар бойынша ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтамаған және (немесе) Тапсырыс берушінің өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы бұзушылықтарды жою туралы талабын орындамаған жағдайда өндіріп алуға құқығы бар.

5.4.6. Тапсырыс берушінің Мердігердің елішілік құндылықтың болжамды есебін ұсынуын талап етуге құқығы жоқ.

5.4.7. Ескертулер болған кезде орындалған жұмыстар актісіне қол қойудан олар толық жойылғанға дейін бас тартуға құқылы.

5.4.8. Егер Мердігер Шартты орындауға уақтылы кіріспесе немесе жұмысты соншалықты баяу орындаса, олардың мерзімінде аяқталуы анық мүмкін болмаса, Шарттан бас тартуға және Мердігерге залалды өтемеуге құқылы;

5.4.9. Егер жұмыстарды орындау кезінде Жұмыстардың тиісті түрде орындалмайтыны, кемшіліктерді жою үшін қисынды мерзім жазбаша түрде тағайындалатыны және Мердігер белгіленген мерзімде бұл талапты орындамаған жағдайда Шарттан бас тартуға немесе жұмысты түзетуді Мердігердің есебінен үшінші тұлғаға тапсыруға, сонымен қатар залалдардың толық өтелуін талап етуге құқылы;

6. Жұмыстарды тапсыру және қабылдау тәртібі

6.1. Тапсырыс беруші жұмыстардың Шарт талаптарына сәйкестігін тексеруге құқылы.

6.2. Орындалған Жұмыстарды қабылдауды Тапсырыс берушінің өкілі Жұмыстарды қарап шығу жолымен және осы Шартта көзделген





құжаттар негізінде жүзеге асырады.

6.3. Орындалған Жұмыстардың сапасы мәселелері бойынша, оның ішінде әдеттегі қабылдау тәсілімен анықталмаған кемшіліктер бойынша (жасырын кемшіліктер) Тапсырыс беруші Мердігерге Жұмыстарды орындаған сәттен бастап 5 (пять) (@KOLICHESTVO_DNEJ_DLYA_PRETENZIY_PROPIS`YU@) жұмыс күндері ішінде ұсынады. Егер Мердігер 5 (бес) жұмыс күндері ішінде жауап бермесе, мұндай шағым Мердігер мойындаған болып саналады және Мердігер өзінің тәуекелдері мен шығыстары есебінен 5 (бес) жұмыс күндері ішінде хабарлама алған сәттен бастап Жұмыстың сапасыз бөлігін түзетуге және/немесе Жұмыстың сапасыз бөлігін ауыстыруға міндеттенеді.

6.4. Егер Тапсырыс беруші бес пять жұмыс күні ішінде Мердігерге Жұмыстардың тиісті емес саны және/немесе сапасы туралы хабарлама жібермеген жағдайда, Тапсырыс беруші Жұмысты қабылдаған болып есептеледі және осы Шарттың талаптарына сәйкес төлем жүргізіледі.

7. Кепілдіктер және Сапа

7.1. Мердігер Жұмыстарға қолданылатын белгіленген талаптарға сәйкес Жұмыстардың сапасына кепілдік береді. Мердігер осы Шарт бойынша орындалатын Жұмыстар Тапсырыс берушінің Жұмысты қалыпты пайдалануы кезінде конструкция, материал немесе жұмысқа байланысты ақаулар болмайтынына кепілдік береді.

7.2. Мердігер орындалған Жұмыстар актісіне қол қойылған күннен бастап 24 (жиырма төрт) белгіленген кепілдік мерзімі ішінде Жұмыстардың сапасына кепілдік береді.

7.3. Егер кепілдік мерзімі ішінде Жұмыстардағы ақаулар анықталса немесе олар Шарт талаптарына сәйкес келмесе, Мердігер Тапсырыс беруші тиісті талаптар қойған сәттен бастап жұмыс күні ішінде 10 (он) ақауларды өз есебінен жоюға міндеттенеді. Жұмыстардағы жойылған ақауларға кепілдік мерзімі осы ақаулар жойылған сәттен басталады. Жұмыстардағы ақауларды жою жөніндегі барлық шығындарды Мердігер көтереді.

7.4. Егер Жұмыстардағы ақауларды жою бойынша кідіріс Мердігердің кінәсінен болған жағдайда, кепілдік мерзімі тиісті уақыт кезеңіне ұзартылады.

8. Тараптардың жауапкершілігі

8.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады.

8.2. Мердігердің жауапкершілігі:

8.2.1. Шарттың талаптарына сәйкес Бірыңғай әдістемеле белгіленген нысан бойынша Жұмыстардағы елішілік құндылықтың нақты үлесін есептеу ұсынылмаған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін Шарт сомасының 10%-нан аспайтын, бірақ Шарт сомасының 0,1% мөлшерінде өсімпұл төлеуге;

8.2.2. Мердігер Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнамасының және (немесе) көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтамаған және (немесе) анықталған бұзушылықтарды жою жөніндегі Тапсырыс берушінің талаптарын орындамаған жағдайда Мердігер әрбір анықталған сәйкессіздік үшін Шарт жалпы құнының 10%-нан аспайтын, бірақ Шарттың сомасының 0,1%-ы мөлшердегі тұрақсыздық түріндегі жауапкершілікті мойнына алуға;

8.2.3. Мердігер Шартта көрсетілген қызметтерді көрсету мерзімдерін өткізіп алған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіге мерзімін өткізіп алған әрбір күнтізбелік күн үшін уақтылы орындалмаған жұмыстар құнының 0,1%-ы мөлшерінде, бірақ уақтылы көрсетілмеген қызметтердің жалпы сомасының 10%-ынан аспайтын өсімпұл төлеуге міндетті;



8.2.4. Мердігер Шарт талаптарына сәйкес анықталған кемшіліктерді жою мерзімдерін бұзған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіге мерзімін өткізіп алған әрбір күнтізбелік күн үшін анықталған кемшіліктердің жалпы сомасының 0,1%-ы мөлшерінде, бірақ анықталған кемшіліктердің жалпы сомасының 10%-ынан аспайтын өсімпұл төлеуге міндетті;

8.2.5. Шарттың 9.7-тармағында көзделген тәртіппен Шартты бұзған кезде Тапсырыс берушінің талап етуге, ал Мердігер Шарт сомасының 10 (он) пайызы мөлшерінде айыппұл төлеуге міндеттенеді құқығы бар.

8.2.6. Мердігер Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан бас тартқан немесе мүмкін болмаған жағдайда, Шарттың 12-бөлімінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Мердігер Тапсырыс берушіге Шарт сомасының 10 (он) пайызы мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті.

8.2.7. Шарттың 5.1-тармағының 5.1.17 және 5.1.18-тармақшаларында көрсетілген міндеттемелерді орындамағаны үшін Мердігер Шарт сомасының 1%-ы мөлшерінде айыппұл түрінде жауапты болады.

8.3. Мердігер осы Шарт бойынша төленуі тиіс сомадан осы Шарт бойынша Мердігердің өз міндеттемелерін орындамағаны және/немесе





тиісінше орындамағаны үшін Тапсырыс берушіге тиесілі өсімпұл (айыппұлдар) сомасын Тапсырыс берушінің ұстап қалуына келісуге жауапты.

8.4. Тапсырыс берушінің жауапкершілігі:

8.4.1. Шарт бойынша төлемдер (оның ішінде аванстық төлемдер) кешіктірілген жағдайда Тапсырыс беруші Мердігерге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін жұмыстарды төлемеу сомасының 0,1%-ы мөлшерінде, бірақ төленуі тиіс жалпы соманың 10%-ынан аспайтын өсімпұл төлеуге міндетті.

8.4.2. Тапсырыс беруші Жұмыстарды қабылдауды кідірткен жағдайда Мердігер Тапсырыс берушіден орындалған жұмыстар актісі сомасының 0,1%-ы мөлшерінде, бірақ орындалған жұмыстар актісінің жалпы сомасының 10%-ынан аспайтын өсімпұл төлеуге міндетті.

8.4.3. Тапсырыс беруші орындалған жұмыстар актісіне қол қоюды кідірткен жағдайда Мердігер Тапсырыс берушіден орындалған жұмыстар актісі сомасының 0,1%-ы мөлшерінде, бірақ орындалған жұмыстар актісінің жалпы сомасының 10%-ынан аспайтын мөлшерде талап етуге құқылы.

8.4.4. Тапсырыс беруші құжаттарды беруді кешіктірген жағдайда (егер Шарттың талаптары бойынша Жұмыстарды орындау үшін Тапсырыс берушінің Мердігерге құжаттарды ұсынуы талап етілген жағдайда), соның салдарынан Мердігер Шартта көзделген өз міндеттемелерін орындай алмаған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіден Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мерзімі өткен шығындардың орнын толтыруды талап етуге құқылы.

8.4.5. Шарттың 8.4-тармағы 8.4.2-тармақшасы жарамсыз деп таңылсын.

8.5. Мердігер Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші «Самұрық-Қазына» АҚ-ның сенімсіз әлеуетті өнім берушілерінің (өнім берушілерінің) тізбесіне Мердігер туралы мәліметті енгізу үшін сатып алу мәселесі жөніндегі уәкілетті органға ақпаратты белгілеген тәртіппен жолдайды.

8.6. Мердігер Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін бұзған жағдайда Тапсырыс беруші енгізілген Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасынан Мердігердің Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін бұзғаны үшін оған аударылған және осы шығындарға байланысты туындаған айыппұл сомасын ұстап қалуға құқылы.

8.7. Тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу Тараптарды осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

8.8. Егер өсімпұл (айыппұл) сомасы 5000 (бес мың) теңгеден кем болған жағдайда, өсімпұлды (айыппұлды) ұстап қалу туралы хабарлама мердігерге тек электрондық почта немесе факсимильдік байланыс арқылы жіберіледі.

9. Шартты өзгерту, бұзу тәртібі

9.1. Осы Шартқа өзгертулер және толықтырулар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Тәртібінде сәйкес енгізіледі.

9.2. Жобаға немесе жасалған Шартқа Мердігерді таңдауға негіздеме болатын өткізілетін (өткізілген) сатып алулардың және/немесе ұсыныстардың шарттарын өзгерте алатын өзгерістерді Тәртібінің тармағында (тарында) қарастырылмаған басқа негіздемелер бойынша енгізуге болмайды.

9.3. Тапсырыс беруші келесі жағдайларда Шартты орындаудан біржақты тәртіпте бас тартуға құқылы:

9.3.1. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 404-бабының 2-тармағының негізінде;

9.3.2. Мердігер өз міндеттемелерін бұзған кезде, сондай-ақ тәртіппен айқындалған өзге де жағдайларда бұзуға құқылы.

9.3.3. Жұмыста негізді орынсыздыққа байланысты, атап айтқанда:

9.3.3.1. Төтенше жағдайға немесе экономикадағы басқа да жағымсыз құбылыстарға байланысты Тапсырыс берушінің шығыстары қысқартылған жағдайда;

9.3.3.2. Өндірістік қажеттілік болмаған жағдайда Тапсырыс берушінің Алқалы атқарушы органының/Байқау кеңесінің шешімі негізінде (алқалы атқарушы орган/басқару органының/жоғары органның Байқау кеңесі (қатысушылардың жалпы жиналысы) болмаған жағдайда);

9.3.4. Шарт тараптарының бірі Шарт талаптарында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша міндеттемелерді бұзған жағдайда.

9.3.5. Тәртіптің 31-бабы 1-тармағында көрсетілген жағдайда;

9.4. Сатып алуда «Самұрық-Қазына» АҚ-ның құрылымдық бөлімшесінің атынан Сатып алуды жүзеге асыру мәселелері жөніндегі уәкілетті орган бұзушылықтарды анықтаған жағдайда Тапсырыс берушінің Шарттан біржақты тәртіппен бас тартуына жол берілмейді.





Бұл жағдайда Шарт тараптардың өзара келісімі бойынша ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес және Мердігерге Шарт бұзылған күнге нақты жұмсалған шығыстарды төлеу кезінде бұзылуы мүмкін.

9.5. Егер Шарт Тапсырыс берушінің кінәсінен бұзылған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіден келтірілген залалдарды және Шарт талаптарын тиісінше орындамау салдарынан туындаған шығындарды, сондай-ақ қойылған өсімпұл мен айыппұл сомасын қаржылық өтеуді талап етуге құқығы бар.

9.6. Тапсырыс беруші Шартты біржақты тәртіппен орындаудан бас тартқан кезде, Тапсырыс беруші Орындаушыға Шартты бұзудың болжамды күніне дейін кемінде 15 (он бес) күнгізбелік күн бұрын тиісті жазбаша хабарлама жібереді. Хабарламада Шартты бұзудың себебі көрсетілуге тиіс, күші жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сонымен қатар Шартты бұзудың күшіне енген күні көрсетілуі тиіс. Тапсырыс беруші Мердігерден шарт сомасының 10 (он) пайызы мөлшерінде тұрақсыздық айыбын төлеуді талап етуге құқығы бар. Шарттың 9.3-тармағының 9.3.1, 9.3.3-тармақшаларында көзделген тәртіпте Шарт бұзылған кезде, Мердігер шартты бұзған күнгі орындауға байланысты нақты шығындар үшін ғана төлемді талап етуге құқылы.

9.7. Шарт талаптарын бұзғаны үшін қандай да бір басқа санкцияларға нұқсан келтірместен Тапсырыс беруші Мердігерге бұзу туралы жазбаша хабарлама жібере отырып, Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы: - егер Мердігер жұмыстарды Шартта көзделген мерзімде немесе Тапсырыс беруші ұсынған осы шартты ұзарту кезеңі ішінде орындай алмаса; - егер Мердігер жұмыстарды орындау барысында анықталған және Тапсырыс беруші көрсеткен кемшіліктер мен сәйкессіздіктерді Тапсырыс беруші айқындаған уақыт кезеңі ішінде жоймаса; - егер Мердігер Шарт бойынша өзінің қандай да бір басқа міндеттемелерін орындай алмаса; - егер Шарттың орындалуын қамтамасыз ету көрсетілген мерзімде берілмесе; - егер Мердігер Шарт бойынша жұмыстардың бір бөлігін немесе барлық көлемін орындамаса. Бұл ретте Тапсырыс беруші Мердігерден орындаушыдан Шартты бұзудан келтірілген залалдарды өтеуді талап етуге құқылы.

9.8. Шарт тараптар арасындағы өзара келісім бойынша бұзылуы мүмкін. Шартты бұзуға бастамашылық жасаған Тарап өзінің ниеті туралы екінші Тарапты 20 (жиырма) күн бұрын жазбаша хабардар етуге міндетті. Бұл жағдайда шартты бұзу Тараптардың міндеттемелерді орындауды аяқтау және тараптар арасында түпкілікті есеп айырысуды жүргізу мәселелері реттелетін бұзу туралы келісімге қол қоюмен ресімделеді. Жоғарыда көрсетілген мән-жайларға байланысты шарт бұзылған кезде мердігердің шартты орындауға байланысты оны бұзатын күнгі іс жүзіндегі шығындар үшін ғана ақы талап етуге құқығы бар.

9.9. Егер Мердігер банкрот немесе төлеуге қабілетсіз деп танылса, Тапсырыс беруші Мердігерге тиісті жазбаша хабарлама жібере отырып, кез келген уақытта біржақты тәртіппен Шартты орындаудан бас тартуға құқылы. Бұл жағдайда бұзу дереу жүзеге асырылады және егер шартты бұзу зиян келтірмесе немесе іс-әрекеттерді жасауға немесе Тапсырыс берушіге қойылған немесе кейіннен қойылатын санкцияларды қолдануға қандай да бір құқықтарды қозғамаса, Тапсырыс беруші Мердігерге қатысты ешқандай қаржылық міндет көтермейді.

9.10. Тапсырыс беруші Тәртіптің 65-бабы 1-тармағының 13) тармақшасында көзделген жағдайларда Шарт сомасын Орындаушы негіздеген және Тапсырыс беруші растаған сомаға ұлғайтудан бас тартқан кезде Шарт Тараптардың өзара келісімі бойынша бұзылуы мүмкін.

9.11. Жұмыстарды сатып алудың орынсыздығына байланысты Шартты орындаудан бас тартуға Тапсырыс берушінің экономикадағы төтенше жағдайға немесе басқа да жағымсыз құбылыстарға байланысты шығыстары қысқартылған жағдайда немесе алқалық атқарушы органның/байқау кеңесінің шешімі негізінде (алқалық атқарушы орган/басқару органының байқау кеңесі/Тапсырыс берушінің жоғары органы (қатысушылардың жалпы жиналысы) өндірістік қажеттілік болмаған жағдайда, Тапсырыс берушінің алқалық атқарушы органы / басқару органының Байқау кеңесі болмаған жағдайда) жол беріледі. Бұл ретте осы жұмыстарды ағымдағы жылы сатып алуға жол берілмейді. Жұмыстарды сатып алудың орынсыздығына байланысты сатып алу туралы шартты орындаудан бас тартуға Мердігерге ол іс жүзінде шеккен шығыстарды төлеген жағдайда жол беріледі.

10. Хат-хабар


10.1. Егер Шарттың талаптарына сәйкес кез келген хат-хабарды жүргізу, хабарлама, нұсқаулық, келісім, мақұлдау, куәлік немесе басқа біреудің шешімдерін жіберу немесе беру қажет болса және егер басқаша келісілмесе, онда хат-хабардың бұл түрі жазбаша нысанда негізсіз бас тартусыз және кешіктірілген жүзеге асырылады.

10.2. Шартқа сәйкес немесе оған байланысты хат-хабарға қатысты барлық құжаттарда Шарттың нөмірімен Тараптардың деректемелері көрсетілуі тиіс.

10.3. Осы Шарттың талаптары бойынша жазбаша нысанда орындалуға тиіс кез келген хат-хабар, хабарламалар, есептер, сұрау салулар, талаптар, бекітулер, келісімдер, нұсқаулықтар, тапсырыстар, сертификаттар немесе басқа да хабарламалар алдын ала ұсынылуы және факсты/электрондық нұсқаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде кейіннен түпнұсқасын бере отырып, пошта хабарламасы бар тапсырысты хатпен, факспен немесе электрондық поштамен тапсырылуы тиіс.

10.4. Курьерлік поштамен, телекспен, жеделхатпен немесе факспен жіберілген кез келген хабарлама (неғұрлым ертерек алынғаны расталмаған кезде) беру сәтінде жеткізілген болып есептеледі.

10.5. Тапсырыс (әуе) хатпен жіберілген хабарлама пошта бөлімшесінің немесе курьерлік қызметтің поштаның жеткізілгенін растайтын мөртабаны болған жағдайда жеткізілді деп есептеледі.





11. Шарттың мерзімі

11.1. Осы Шарт Тараптардың өкілетті тұлғалары қол қойған күннен бастап өз күшіне енеді және Шарт бойынша өзінің барлық міндеттемелері толық орындалғанға дейін дейін жарамды, ал өзара есеп айырысу бөлігінде толық аяқталғанша жарамды болады.

12. Еңсерілмейтін күш жағдайлары (Форс-мажор)

12.1. Тараптар осы Шарт бойынша міндеттемелерін толық немесе ішінара орындамағаны үшін, егер ол еңсерілмес күш мән-жайларының салдары болып табылса, жауапкершіліктен босатылады. Осы бөлімнің мақсаттары үшін «еңсерілмейтін күш мән-жайы» Тараптардың бақылауына бағынбайтын және күтпеген сипаттағы оқиғаны білдіреді. Мұндай оқиғалар соғыс қимылдары, табиғи немесе дүлей апаттар, індет, карантин, эмбарго және басқалар сияқты іс-қимылдарды қамтуы мүмкін, бірақ олармен шектелмейді.

12.2. Еңсерілмес күш мән-жайлары туындаған кезде міндеттемелерді орындау мүмкін еместігі туындаған Тарап екінші тарапқа форс-мажордың болжамды қолданылу мерзімі туралы осындай мән-жайлар басталған кезден бастап күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде жазбаша нысанда (хабарлама) хабарлауға, сондай-ақ осындай мән-жайлардың басталу фактісін растайтын Қазақстан Республикасы орган берген құжаттарды ұсынуы тиіс.

13. Дауларды шешу тәртібі

13.1. Осы Шартқа қатысты Тараптар арасында пайда болуы мүмкін барлық даулар және келіспеушіліктер келіссөздер арқылы шешіледі.

13.2. Егер осындай келіссөздердің нәтижесінде Тараптар шарт бойынша дауды шеше алмаса, Тараптардың кез келгені бұл мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешуді талап ете алады, бұл ретте соттарда қаралуы тиіс барлық даулар Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотында қаралады. Осы Шартпен реттелмеген барлық мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

14. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

14.1. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың қызметкерлері қандай да бір заңсыз артықшылықтарды немесе өзге де заңсыз мақсаттарды алу мақсатында осы тұлғалардың іс-әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін кез келген тұлғаларға тікелей немесе жанама түрде қандай да бір ақшалай қаражатты немесе құндылықтарды төлеуді төлемейді, ұсынбайды және төлеуге рұқсат бермейді.

14.2. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың қызметкерлері осы Шарттың мақсаттары үшін қолданылатын заңнамада пара беру/алу, коммерциялық параға сатып алу ретінде сараланатын іс-әрекеттерді, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын іс-әрекеттерді жүзеге асырмайды.

14.3. Осы Шарт тараптарының әрқайсысы басқа Тараптың қызметкерлерін қандай да бір жолмен, оның ішінде ақшалай сомаларды, сыйлықтарды беру, олардың атына жұмыстарды (қызметтерді) өтеусіз орындау жолымен және қызметкерді белгілі бір тәуелділікке қоятын және осы қызметкердің оны ынталандыратын тараптың пайдасына қандай да бір іс-әрекеттерді орындауын қамтамасыз етуге бағытталған басқа да тәсілдермен ынталандырудан бас тартады.

